



Өткен сенбі күні Ақмола облысының әкімі Ермек Маржықпаев Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Нұрлан Бекеновпен және облыстық төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Нұрлан Атығаевпен бірге Зеренді, Сандықтау, Атбасар, Астрахан, Бұланды және Бұрабай аудандарының аумағындағы қар суының еру жағдайы мен тасқын су бағытына әуеден шолу жасады.

Қауіпті аумақтарға әуеден шолу жасалды



Аталмыш аудандарды әуеден бақылап, жағдайға қаныққан соң өңір басшысы Атбасар қаласында №1 шағын ауданында салынып жатқан екі жүз пәтерлік тұрғын үйдің құрылысымен де танысты. Ол нысандарға республикалық бюджеттен

тасқын су алатын №1 мектеп маңайындағы суға қарсы қорғанмен, С.Сейфуллин көшесі маңындағы ойпаңды, темір жол көпірі астынан су өтетін орындарды көрді. – Су тасқыны облысы бойынша бірқалыпты қауіпті жағдайда қалып отыр. Әуеден

қоса отырып, барлық су қоймаларында тәулік бойы үзіліссіз бақылау жүргізілуде. Ерімеген қар мен мұздың көп екенін естен шығармауымыз керек, – деді Ермек Маржықпаев, жағдайды түйіндеп.

Ақмола облысында 14 ауданның 53 елді мекенінде алдын ала сақтық шаралары қолға алынып, қар суына қарсы жұмыстар атқарылған. 47 су өтетін жерлерді қайта жөндеу мен қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. 35 шақырым су ағар жылғалар, каналдар терендетіліп, кеңейтілді. 22 шақырым өзен арналары тазаланды, 11 шақырымдық дамбалар салынып, көшелері нығайтылып, бекітілді.

Қосшы қаласы, Аршалы, Шортанды аудандарының елді мекендерінен қар суынан келер қауіптің алдын алу мақсатында су әлі сорылып, қауіпсіз бағытқа ағызылуда. Осыған дейін 600 мың текше метр су ағызылған, 1 мың текше метрден артық қар шығарылған. 3424 су тосқауылы бекеттері автомобиль және темір жол бойындағы 570 су өтетін орындар қар мен мұздан тазаланып, аршылған.

Су тасқынына қарсы 2598 адам, 1067 арнайы техника, 273 мотопомпа, 49 суда жүзу қондырғыларынан жасасқан құрылымдар тәулік бойы кезекшілікте тұр. Олар кез-келген тосын жағдайларға дайын.

Іссапар соңында өңір басшысы жауапты қызметкерлерге қауіпті кезеңде бақылау мен кезекшілікті қырағы өткізіп, су тасқынына қарсы жұмыстарды жіті жалғастыра беруді жүктеді.

Серік САПАУЛЫ,
«Арқа ажарының» өз тілшісі,
Суреттерді түсірген Берік ЕСКЕНОВ.

«Аманат» партиясының Ақмола облыстық филиалында тұрғындарға жайылымдық және шабындық жерлерді бөлу және оларды пайдалану жолдары туралы мағлұмат беруге арналған тақырыптық қабылдау болып өтті.



Жайылым мен шабындық жерлердің жайы толғандырады

Шара барысында облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының жерді есепке алу және жерге орналастыру бөлімінің басшысы Жұмажан Бейсембаев, осы бөлімнің маманы Гүлім Қаженова конкурста қатысу мәселесі бойынша баяндамалар жасап, қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.

– Жерді дұрыс пайланудың маңызы зор. Мақсат тек жоғары өнім алу ғана емес, жердің құнарлылығын да сақтап, келер ұрпаққа жерді сапалы күйінде қалдыру болып табылады. Ал, аграрлық өңір саналатын біздің облыста бұл мәселе өте өзекті, – деді Жұмажан Бейсембаев одан әрі мемлекет меншігіндегі жерлерден жайылымдық және шабындық жерлерді қалай алу керектігіне тоқталды. Шарауа қожалықтары, фермерлік шаруашылықтар, ауыл шаруашылығы жұмыстары үшін жер телімін алу конкурсы негізінде жүзеге асырылады. Ол Жер кодексінің 43-1 бабы, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығы бойынша ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізуге

уақытша құқық беру туралы Ереже бойынша жүзеге асырылады. Оған әрі шарада конкурста қатысу үшін жинақталатын құжаттар, бизнес-жоспарлар, ұсыныс берудің міндеттері, жер комиссиясының атқаратын жұмыстары, конкурстың өту мерзімі сияқты көптеген мәліметтер ортаға салынды.

Істің басы-қасында жүрген «Арыстан» шаруа қожалығының жетекшісі Қанат Теміров жайылымдық жерлерді мемлекетке, мәселен, ауданның ауыл шаруашылығы бөлімдеріне беріп қойса, олар жергілікті жердегі қажеттілікке қарай жер бөліп отыра деген, «ПЗ Балқашинский» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жетекшісі Шәріп Доқаев субсидия дер кезінде, өз уақытында берілсе, кешіктірудің бүгінгідей залалдары болмас еді, деген пікірлерін ортаға салды.

Шараға қатысушылар жайылым мен шабындық жерлер алу туралы мамандарға көптеген сұрақтар қойып, толымды жауаптар алды. «Арқа ажарының» өз ақпарат.



Қазақстандықтардың 70 пайыздан астамы Президенттің жұмысына оң баға берді

ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі наурыз айында қазақстандықтардың қоғамдық көңіл-күйін талдау мақсатында әлеуметтік зерттеу жүргізді, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

Сауалнама нәтижесі бойынша сұралғандардың 70 пайыздан астамы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қызметіне оң қарайтынын айтқан. Бұл ретте респонденттердің 67,4 пайызының Тоқаевқа қарым-қатынасы соңғы сайланғаннан кейін жақсарған.

Респонденттердің көпшілігінің (42,1%) пікірінше, Президент, ең алдымен, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге назар аударуы керек, бұл елдегі соңғы қаңтар оқиғаларына байланысты болуы мүмкін.

Бұл ретте отандастарымыздың 41,4%-ын жалақы, зейнетақы және жәрдемақы денгейін көтеру мәселесі толғандырды.

Респонденттердің 35,3% азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қолдап отыр.

Сұралғандардың 35,5 пайызын халықаралық байланыстарды нығайту алаңдатады. Сауалнамаға қатысқандардың төрттен бір бөлігі (26,3%) Президенттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске көбірек көңіл бөлгенін қалайды.

Сауалнамаға қатысушылардың жартысынан астамы (56,7%) Президент қызметінің негізінде қауіпсіздік, әлеуметтік әділеттілік

(35,9%), тұрақты экономикалық даму, әрбір отбасының амандығы, қоғамдағы достық пен келісім (26-28%) мәселелері болуы тиіс деп есептейді.

Респонденттердің көпшілігі (71,3%) оптимистік көңіл-күйде және алдағы екі жылда өзгерістер болатынына сеніммен қарайды.

Бұл ретте респонденттердің жартысынан көбі (51%) Қазақстандағы өмірді жақсартуға деген үмітін тікелей Президентпен байланыстырады. Сауалнамаға қатысқандардың 20,5%-ы Үкіметке, ал 15%-ы жергілікті атқарушы органдарға үміт артады. Парламентке (Сенат, Мәжіліс) деген сенім – 14,1%. Ең маңызды құндылықты таңдағанда респонденттердің көпшілігі бірінші орынға қауіпсіздікті қойды (60,2%). Сауалнамаға қатысушылардың 34,3%-ы үшін ең маңызды құндылық – тәуелсіздік.

Әлеуметтік зерттеу 15-24 наурыз аралығында жүргізілді. Қатысқан 1863 респондент – 18-50 жас аралығындағы ҚР тұрғындары, интернет пайдаланушылары.

Сауалнама жүргізілген жерлер: Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары, елдің 14 облысы.



Жаңа Қазақстанды бірге құрамыз!

Степногорск тау-кен техникалық колледжі – қазіргі заманғы сандық инновациялық құралдармен жабдықталған, талапқа сай оқу орны. Бүгінде студенттердің мамандықты игеруі барысында тиісті сала бойынша жұмыс істейтін құрал-жабдықтарды қолданып, тәжірибе алу мүмкіндігіне ие болатыны өте маңызды. Әсіресе, ең соңғы үлгідегі технологиялық құралдарды пайдаланса, келешекте өңірдің кәсіпорындарындағы заманауи техникаларды меңгеріп кетулеріне жеңіл болады.

Тау-кен өндірісі саласына мамандар даярлаймыз

Колледждің басты міндеті – жас мамандарға теориялық жағынан да, тәжірибе тұрғысынан да сапалы білім беру. Бұл – бүгінгі таңда жұмыс берушілер үшін аса маңызды. Қазіргі кезде өзгеретін құрал-жабдықтар мен жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, уақытпен қатар қалам басу – біздің басты мақсатымыз. Сондықтан, «Жас маман» жобасына қатысқанды жөн санап, қажет деп таныдық. Бұл мақсатта қолданыстағы зертханаларды заманауи құралдармен жабдықтау жұмыс берушілермен, біздің әлеуметтік серіктестерімізбен келісілді.

«Жас маман» жобасы колледжде «пайдалы қазбаларды байыту» (кен байыту), «маркшейдерлік іс», «жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары» атты үш мамандық бойынша жүзеге асырылуда. Зертханаларға жалпы сомасы 254 миллион теңгенің заманауи өндірістік және оқу жабдықтары сатып алынды. Мәселен, маркшейдерлік іс зертханасы Trimble S7 электрондық тахеометрімен, DJI Phantom 4 PRO V2.0 112 Geoboo ForaPPK геодезиялық квадрокоптерімен, Trimble X7 лазерлік сканерімен толықтырылды. Бұл қолда бар цифрлық маркшейдерлік жабдықтың желісін сапалық жағынан жақсарту түсті. Delair UX11 пилотсыз ұшу аппараты тау-кен өндіріс саласында аэрофототүсіруді жоғары дәлдікпен орындауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, қазіргі заманғы 15 ноутбук сатып алынды, ол тау-кен өнеркәсібі үшін маңызды «Micromine» бағдарламасында бір мезгілде студенттердің топтасып жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Бұл бүгінгі күні маркшейдерлік жұмыстарда жұмысшы мамандардың біліктілігін арттыру үшін міндетті талап болып табылады.

Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары зертханасы жобаға қатысқанның арқасында

заңнамалық ұйғарымдарға сәйкес қауіпсіздік тізбегінің жұмыс істеу принципі мен әрекет ету кимылын көрсету үшін бу қазандығы имитациясын жүргізуге мүмкіндік беретін 7 оқу зертханалық стендмен жабдықталды, онда термодинамикалық процестерге, жабық жылыту жүйесіне зерттеу және талдау жүргізіледі. Биылғы жылдың өзінде біздің колледжіміз тау-кен және энергетика саласының мамандарын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру үшін құзыреттер орталығына айналды. Бұл бағытта колледж ұжымы жұмыс берушілермен бірлесіп, тау-кен және энергетика саласы мамандарының еңбек функцияларын талдау бойынша жұмыс жүргізді. Кәсіби құзыреттер мен модульдердің тізбесі қалыптастырылып, оқу жоспарлары мен бағдарламалары әзірленді. Әлеуметтік серіктестер колледждің арнайы пән оқытушыларымен тығыз қарым-қатынас орнатып, құзыреттілік орталығын одан әрі дамытудың жолдарын қарастырды.

Колледж тау-кен және энергетика саласының 23-тен астам кәсіпорындарымен әлеуметтік серіктестік жұмыс істейді. Негізгі серіктестер – «АК Алтынамас», АРЭК акционерлік қоғамдары, «RG GOLD», «Өркен», «Қызылту», «Степногорск тау-кен химиялық комбинаты», «Степногорск-Энерготранзит», «Степногорск ЖЭС», «Степногорск Теплоэнергит», «Степногорск энергокешені», «SSAP» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері. Жыл сайын колледж оқытушылар мен өндірістік оқу шеберлері үшін кәсіпорында біліктілікті арттыруды және тағылымдамаларды ұйымдастыруды қолға алуда. Заманауи жаңа цифрлық құрал-жабдықтармен оқыту біздің түлектеріміздің сұраныстарын арттырады.

2-бетте

БАСПАСӨЗ - 2022

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Арқа ажары

Ақмола облыстық «Арқа ажары» газетіне 2022 жылға жазылу одан әрі жалғасуда

ARQA AJARY

Газетке тұрғылықты жерлеріңіздегі кез-келген пошта бөлімшесіне барып, жазылуарыңызға болады. Егер әр айдың 25-іне дейін «Арқа ажары» газетіне жазылсаңыздар, оны келесі айдың басынан бастап үйіріңізге, кәсіпорыңыңызға, мекемелеріңізге алып тұрасыздар. Газетті жаздырып алу мәселелері бойынша туындаған сауалдарыңызды редакциямызға 25-15-60; 25-15-10 телефондары бойынша хабарласып, сұрастырып біліп алуларыңызға болады. Күнбе-күн ана тілімізде Ақмола, Көкше өңірлерінің тыныс-тіршілігінен сыр шертіп, тың жаңалықтарға қанықтыратын және ұлттық, елдік мәселелерді үзбей жазып тұратын өздеріңіздің сүйікті «Арқа ажары» газетіне жазылуға асығыңыздар!



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ

ЖОЛДАУЫ 2022

Тау-кен өндірісі саласына мамандар даярлаймыз

(Соңы. Басы 1-бетте).

2014 жылдан бастап әлеуметтік әріптестермен дуальді оқыту бойынша жыл сайын 50-ге жуық шарт жасалады. Колледж түлектерінің жұмыспен қамтылғандарының үлесі 80 пайызды құрайды. 2021 жылы 72 түлек оқу бітірсе, олардың 60-ы, яғни, 83 пайыздан астамы жұмыспен қамтылды. Бүгінде білім ордасында дуальді оқыту бойынша 72 адам білім нәрімен сусындауда.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткеніндей, «гуманитарлық мамандықтармен

Негізгі кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін білім ордалары оқытатын оқу пәндері мен кәсіптік модульдердің бейініне сәйкес, білімі жоғары және кәсіпорындарда жұмыс тәжірибесі бар педагог кадрларымен қамтамасыз етілуі тиіс. Сонымен қатар, тағылымдамадан өту оқытушы қызметінің міндетті шарты. Тағылымдама кәсіпорындардағы жаңа жабдықтармен танысуға, өндірісте қолданылатын инновациялық технологияларды, еңбекті заманауи ұйымдастыруды, өндірістігі



әуестену келмесе кетті. Басымдықты техникалық мамандықтарға беру керек. Инженерлер мен өнеркәсіпшілердің жаңа буынын өсіріп шығару керек». Президенттің тапсырмасын іске асыру өндірістің жедел дамуына, өндіріс технологияларына сұраныстың артуына, жұмыс орындарының өсуіне, ғылымның, адам әлеуетінің дамуына, оның бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне ықпал ететін болады. Біз инженерлердің, өнеркәсіпшілердің жаңа буынын өсіруге өз құзыретіміздегі күшімізді қосамыз.

Оқу орны «Қазақалтын» кәсіпорнымен 2010 жылдан бері ынтымақтастықта, білім беру бағдарламаларын тиімді іске асыру мақсатында жұмыс істеп келеді. 2010 жылдан бастап 2017 жылға дейін колледждің материалдық-техникалық базасын нығайтуға әлеуметтік әріптестер 35 миллион теңге қаржы бөлді. Қазіргі уақытта «Алтыналмас» компаниясының өңірдің тау-кен өндірісі кәсіпорындарының қатарына қосылуымен біздің әлеуметтік әріптестімізбен өзара іс-қимылымыз қарқын ала бастады.

Ағымдағы оқу жылында білім ордасы 11 мамандық бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асырды, оның ішінде білім беру бағдарламалары «Талап» коммерциялық емес акционерлік қоғамының тигіт жоспарларына сәйкес кредиттік-модульдік оқыту негізінде әзірленген. Алғашқы жартыжылдықта оқу орнында 24 топта 447 студент білім алуға, олардың 104-і оқуды бітіреді.

Колледжде түлектер туралы мәліметтер берілетін деректер қоры құрылды және өңірдегі барлық кәсіпорындардың кадрлық қызметтерімен тұрақты негізде жұмыс жүргізіледі. Мәселен, 2021 жылы тау-кен компанияларына 42 адам немесе түлектердің 47 пайызы жұмысқа орналастырылды, оның ішінде «Алтыналмас» компаниялар топына 27 түлегіміз, энергетика саласының кәсіпорындарына 39 түлегіміз жұмысқа кірісті.

жанышылдықтардың еңбек әдістері мен тәсілдерін зерделеуге мүмкіндік береді және әлеуметтік серіктестіктің дамуын қамтамасыз етеді.

Жоғары технологиялық өнеркәсіптік кәсіпорындармен ынтымақтастық педагогтік тау-кен және энергетика саласындағы қазіргі заманғы технологиялық процестен сәл алда жүру қажеттілігін талап етеді және жалпы оқытушының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға ықпал етеді.

Өткен оқу жылында 11 педагог-практик «АК АЛТЫНАЛМАС», «Қазақалтын» АҚ, «Степногорск Энерготранзит» ЖШС, «Қазақалтын Технолоджи» компаниялар тобының өндірістік алаңдарында арнайы пәндер бойынша тағылымдамадан өтті, бұл оқытушылардың 78 пайызын құрайды. Оқыту өткеннен кейін қатысушыларға тағылымдамадан өткені туралы сертификаттар тапсырылды.

2022 жылғы 17 қаңтарда ішкі бұйрықпен тау-кен және энергетика саласында WorldSkills халықаралық стандарттары бойынша мамандар даярлау жүйесін іске асыру мақсатында құзыреттер орталығы құрылды.

Оқу орнында жетістіктерімізбен бірге, өзекті мәселелер де бар. Мәселен, солардың ішінде тоғызыншы сыныпты бітірген талапкерлерді оқуға қабылдағаннан кейін, олардың жасы 18-ге толмағандықтан, кейбір кәсіпорындар өндіріс орнында тәжірибеден өтулеріне рұқсат етпейтіні білім ордасына қиындық туғызады. Сонымен бірге, «маркшейдерлік іс» мамандығы бойынша кәсіби стандарттар жоқ. Алдағы уақытта білім ордасы тау-кен саласына қажетті жаңа мамандықтарға лицензия алуға, халықаралық аккредиттеуден өтуді жоспарлап отыр.

Елена ТАРАСОВА,

Степногорск тау-кен техникалық колледжінің директоры.



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

Ғылым саласын дамыту туралы да айтқым келеді. Бұл мәселе бойынша бізге тың көзқарас пен жаңа тәсілдер керек, сондай-ақ халықаралық тәжірибеге арқа сүйеуіміз қажет. Үкіметке жыл сайын әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында 500 ғалымның тағылымдамадан өтуін қамтамасыз етуді, сондай-ақ «Жас ғалым» жобасы аясында зерттеу жүргізу үшін 1000 грант бөлуді тапсырамын. Ғылымды қаржыландырудың және қолдаудың маңызды көзі – ірі кәсіпорындардың, әсіресе шикізат саласындағы компаниялардың қаражаты. Тапқан табыстың 1 пайызын ғылым мен технологияны дамытуға беру туралы қолданыстағы норма талаптары сақталмай отыр. Көп жағдайда бұл қаражат компаниялардың ішінде бөлініске түсіп кетеді. Үкіметке осы қаражатты жинақтау ісін орталықтандыруды және оның бюджет арқылы жалпыұлттық ғылыми басымдыққа сай бөлінуін қамтамасыз етуді тапсырамын. Ірі бизнес өкілдері өңірлік университеттердің ғылыми қызметін қамқорлыққа алса, нұр үстіне нұр болар еді. Бізге елімізді ғылыми-технологиялық тұрғыдан дамыту жөніндегі арнаулы бағдарламалық құжат қажет. Оның басты міндеті ұлттық деңгейдегі нақты мәселелерді шешуге ғылымның әлеуетін пайдалану болмақ.

(«Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауынан).

12 СӘУІР – ҒЫЛЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ



12 сәуір – Қазақстанда ғылым саласы қызметкерлерінің күні. 2011 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жарлық шығарып, 12 сәуірді ғылым қызметкерлерінің күні ретінде бекітті. Мерекені атап өту 2012 жылдан басталды.

Қазақстанның ғылым саласында 22 мыңнан аса адам жұмыс істейді

Дәл осы күні қазақ академиясы, ғалым-геолог әрі Қазақстан ғылым академиясының тұңғыш президенті Қаныш Сәтбаев дүниеге келген. Қазіргі уақытта Қазақстанның ғылым саласында 22 мыңнан аса қызметкер жұмыс істейді. Қазақстанда ғылым саласының қалыптасуына 1946 жылы ҚР Ұлттық ғылым академиясының құрылуы негіз болды. Содан бері 76 жыл өтті.

Соғыс жылдары Қазақстанда Мәскеу мен Ленинградтан, басқа да өндірістік қалалардан зауыттар мен өндіріс орындары көшіп келді. Олармен бірге жоғары білікті ғылыми қызметкерлер де келіп, елімізде ғылым мамандарын даярлау қолға алынды. Ал, соғыс біткеннен кейін КСРО Ғылым академиясына қазақтың жас ғалымдары оқуға, тәжірибе алмасуға жіберіле бастады.

Одаққа енген елдерде 1950 жылдан бастап жеке-жеке ғылым ордалары құрылып, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы салаларында ғылыми байланыстар орнады. 1980 жылдардың басына қарай Қазақстанда 21,1 мың адам жұмыс істейтін 140 ғылыми мекеме болды. Ғылым академиясының жанынан 6 институт ашылды.

1996 жылы 11 наурызда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен ҚР Ұлттық ғылым академиясы, Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдарының академиясы және ҚР Ғылым және технологиялар министрлігі ҚР Үкіметінің құрамындағы орталық атқарушы орган – Қазақстан Республикасының Ғылым Министрлігі – Ғылым академиясына біріктірілді.

Ал, 2003 жылы Ғылым академиясына «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы»

республикалық қоғамдық бірлестігі мәртебесі берілді.

2011 жылмен салыстырғанда «Scopus» деректер базасында қазақстандық ғалымдардың жарияланымдарының жалпы саны 34,5 есеге, «Web of Science» деректер базасында – 59 есеге өсті. Соңғы бес жыл ішінде отандық ғалымдардың әрбір бесінші жарияланым әлемнің ғылыми журналдарының топ-25-ке енді. Бұл ретте соңғы жылдары ғылыми жарияланымдар авторларының саны 3 есеге өсті.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің хабарлауынша, 2020-2022 жылдары ғылымды қаржыландыру көлемі екі есеге ұлғаймақ. Ал, 2025 жылға дейін ішкі жалпы өнімнің 1 пайызын ғылымға кететін шығындар құрамақшы.

«Арқа ажарының» өз ақпараты.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2015 жылы қыркүйекте «Союз ТМА-18М» ғарыш кемесінің халықаралық экипажын қарсы алды. Өйткені, онда қазақ ғарышкері Айдын Айымбетов бар болатын. Сөйтіп, оның есімі қазақ тарихында үшінші ғарышкер ретінде алтын әріппен жазылды.

Қазақ тарихында үшінші ғарышкердің есімі алтын әріппен жазылды

Айдын Айымбетов 1972 жылы 27 шілдеде Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Өтенеу ауылында дүниеге келген. Мектепті алтын медальмен бітірген ол 1993 жылы Армавир жоғарғы әскери авиациялық училищесін «ұшқыш-истребитель» мамандығы бойынша тәмамдаған. 1993 жылдың мамыр айынан бастап Қазақстан Қарулы Күштерінің қатарында қызмет атқарады. Ғарышкерлер отрядының құрамына енгенше Талдықорған қаласы маңындағы авиабазада авиациялық бөлімшенің командирі болды. 2009 жылдың желтоқсанынан Қазақстан Республикасының Ұлттық ғарыш агенттігі төрағасының кеңесшісі, агенттік департаментінің директоры. 2011 жылдың наурыз айынан Сұлтанғазиев атындағы ғарыштық зерттеулер институтында ғарыштық технологияларды ақпараттық-білімдік қамтамасыз ету бөлімінің бастығы. 2012 жылдың көктемінде Астана қаласының Оқушылар сарайындағы жас ғарышкерлер мектебінде ұстадық етеді. 2014 жылдан Қазақстан Республикасы Әскери-әуе қызметінің полковнигі.

1993 жылы алғаш рет ғарышкерлікке өтініш берген ол екінші мәрте 2001 жылдың 5 мамырында тағы да өтініш берген. 2002 жылы Ресей-Қазақстан мемлекетаралық бірлескен ғарышқа ұшу келісімі аясында Мәскеу қаласында медициналық комиссиядан өткен. Сөйтіп, 2002 жылғы 9 қарашада Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы ведомстволық комиссия мәжілісінде Қазақстан Республикасы ғарышкерлері отрядына кіргізу туралы ұсыныс жасалды. Ал, 2012 жылғы 12 қазанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1304 Қаулысы негізінде Қазақстан Республикасының ғарышкері дәрежесі берілді.

2015 жылы 2 қыркүйекте екінші бортинженер ретінде транспорттық пилоттағы «Союз ТМА-18М» кемесінде ОП-18 саяхаты аясында Байқоңыр ғарыш станциясынан Халықаралық ғарыш станциясына аттанды.

Айдын Айымбетов ғарышта он күн болып, маңызды зерттеулер жүргізді. Халықаралық ғарыш станциясынан оралған Айымбетовті Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі күтіп алды.

Сол күнге сәл шегініс жасайық. Астана Халықаралық әуежайында үшінші қазақ ғарышкері қаулаған қалың ел ұлықтап қарсы алды. Ақ жауын мен күннің ызғарына қарамай, Ұлы Даланың ұлына құрмет көрсетіп, қазақтың ән мен күйінен шашу шашты. Одан кейін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ғарышкерлерді қарсы алып, брифинг өткізгені баршамызға белгілі. «Бұл маңызды оқиға! Ең бастысы сіздер аман-есен жерге оралдыңыздар. Барлығыңыз үшін алаңдадық, күттік. Өрине, қазақстандықтар біздің үшінші ғарышкеріміз Айдын Айымбетов үшін алаңдады. Сіздермен бірге қуанып жатырмыз. Қазақстан осындай мүмкіндікке ие болып отыр. Оған басты себепкер «Роскосмос» қолдауы деп білеміз. Сондықтан, алдағы уақытта Ресеймен ғарыштық байланыста бірге жұмыс атқарамыз деп ойлаймын», – деген болатын Нұрсұлтан Назарбаев сол жолы.

Ал, ұлттық ғарыш агенттігінің төрағасы екінші қазақ ғарышкері Талғат Мұсабаевтың айтуынша, Айдын Айымбетов сегіз күн ішінде жоспарды толық орындап, зерттеу жұмыстарын жүргізді.



«Бүгін Қазақстанда тағы бір үлкен мереке. Өйткені, ғарыштан тағы бір қазақ жетігі Айдын Айымбетов оралып келді. Қазақстан халқы осы жетістікпен шын жүректен құттықтаймыз. Айдын өзін жасқы сезініп тұр. Ол туған жеріне жету үшін асықты.

1961 жылдың 12 сәуірінде адамзат баласы алғаш рет қазақ жерінен ғарышқа аттанды. Бертің келе «Құс жолына» сапар шеуе бақыты қазақ халқының үш ұлына да бұйырды. Олар, өрине, Токтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетов. Айтулы күнне орай қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер ұшқыш, Кеңес Одағының батыры, Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы Токтар Әубәкіровті ізінен ілескен жастар құттықтап, оған құрмет көрсетуде.

Токтар Әубәкіров, ҚР Халық қаһарманы: – Осындай күнде бүкіл қазақстандықтарды құттықтағым келеді. Неге десеңіз, Қазақстанның халқы осы күнге лайықты, бәрі де қатысты. Біз қазір ғарыш технологиясынан қалмау үшін бүкіл халықпен бірге, өлеммен бірге ойымыз да, ісіміз де бір болса, сол кезде біздің Қазақстан өркендейді.

Жезқазғанда қазақ даласының ауасын жұтып, Ұлы Даланың кеңдігін көрді. Айдын толықтай зерттеу жұмыстарын аяқтады. Табысты оралды. Бізге сол зерттеу жұмыстарының пайдасы мол, – деді Талғат Мұсабаев. Сондай-ақ, «Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығының» директоры Жұмабек Жантөевтің мәлімдеуінше,

ғарышкеріміздің зерттеу жұмыстарына сегіз күн азық еттігі. Десе де, Айдын Айымбетов орталықтың дайындаған ғылыми жұмыстарын толық зерттеп үлгеріпті. Әсіресе, Каспий теңізі айлағы мен Арал көлі маңының экологиялық ахуалы толық зерттелді, деді орталық басшысы.

БАҚ өкілдерімен өткен брифингтің соңына қарай батырдың анасы да сөз сөйледі. Журналистердің сауалына жауап беріп, батырдың анасы болу сезімімен бөлеккені де баршамызға аян. Ғарышкердің анасы Жұмақұл Айымбетова «Ұлымын ортамызға аман-есен оралғанына қуаныштымын. Елбасымызға рахмет. Ресеймен келісім-шарт жасасып, Айдынды ғарышқа аттандырғаны үшін. Өйткені, ұлым бала кезден ғарышкер болуды армандады. Сол үміті, арманы орындалды. Қазақ хандығының 550 жылдығы, Байқоңырдың 60 жылдығы, Ата Занымыздың 20 жылдығы құтты болсын. Халықтың қуанышы, елдің мерейі үстем болсын. Батырдың анасы болу – мен үшін қуаныш. Бірақ, Айдын халықтың баласы. Қуаныш халықтыкі», – деп аналық жүрежарды тілегін жеткізген болатын. Ал, ғарышкердің ұлы Әмір Айымбетов болса, «Мен үшін ерекше қуанышты күн. Өйткені, әкем қазақ тарихында үшінші ғарышкер атанды. Қуанышымды сөзбен айтпай жеткізе алмаймын. Әкем үшін мақтанамын. Әкемді ғарыш капсуласына алағаш көргенде «Әке» деп айтыламын. Басқа ештеңе демедім. Әкем жаңа ғана қуаныштан күліп, жымиды. Мен де болашақта ұшқыш болғым келеді. Сол үшін жасқы оқып, білімді ұштай түсемін» деді. Сондай-ақ, салтанатты шарада үшінші қазақ ғарышкері Айдын Айымбетовтің жары Лилия Айымбетова мен қыздары Диана, Даяна да болды.

Тағы да сәл шегініс жасасақ. Кеңес Одағы ылдырған тұста, тәуелсіз Қазақстанның азаматы тұңғыш рет көкке көтерілді. Ол бүгінгі батыр ағамыз, Халық қаһарманы Токтар Әубәкіров болатын. Сол тұста қуанбаған, шаттанбаған халық болмады. Сондай-ақ, дүниеге есігін ашқан балалардың есімі Токтар болды. Қазақ ырымдады. «Ұшқыш болсын, Токтар ағасыңдай даңқты болсын» деп. Араға бірнеше жыл салып, екінші қазақ Талғат Мұсабаев ғарышқа сапар шекті. Бір емес, үш рет ғарышқа аттанған қазақ батыры ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, көкте көп күндік жоспарын орындады. Қазақтың үшінші ғарышкері Айдын Айымбетов те осы қатарға қосылды.

Естеріңізге сала кетсек, Байқоңыр ғарыш айлағынан «Союз ТМА-18М» ғарыш кемесімен кыркүйектің 2-сі күні қазақ ғарышкері Айдын Айымбетов ресейлік ғарышкер Сергей Волков және Еуропа ғарыш агенттігінің астронавты Андреас Могенсенмен ғарышқа аттанған болатын.

Қазақстан Республикасының ғарышкері Айдын Айымбетов ғарыш кеңістігін игеруге сіңірген аса зор еңбегі, ғарышқа ұшу кезінде көрсеткен батырлығы мен ерлігі үшін «Халық Қаһарманы» атағы және Алтын Жұлдыз айрықша ерекшелік белгісі «Отан» орденінің иегері атанды. Бүгінде Айдын Айымбетовтің есімі қазақ тарихында үшінші ғарышкер ретінде алтын әріппен жазылып қалды.

Дайындаған Асылай ҚАДЫРҚЫЗЫ.



БҰЛ – БІЗДІҢ ТАРИХ!

Аңсары ауған жұрттың көбі шығарып, кітап деген таңсық болмай кеткен мына заманда «Із және Сіз» атты кітаптың да қолымызға тиер кезі келіпті. Қалың, қомақты, фотосуреттерімен көркем безендірілген. 400 беттен асады. «Самоиздатта» мұндай кесек кітаптар бұрын да болған. Бірақ, шынын айту керек, осы соңғы баспа жүзін көрген еңбектің жөні бір бөлек көрінді. Авторы Өтелбай Елбергенұлы Көкше еліне, әсіресе, Көкшетау қаласы мен оған жақын жатқан Зеренді, Бурабай аудандарына етене таныс адам.

«Із және Сіз» кітабынан сыр тартқанда...



Өйткені, бұрынғы Көкшетау ауданындағы Қызылсая ауылында дүниеге келген, сонда мектепте оқып, кейін еңбегімен, өрелі істерімен осы аудан ғана емес, шетке де танылған. Қазір Көкшетау ауданы жоқ, тоқсаншы жылдардың басындағы халықпен келіспей жасалған көптеген әсіре «реформалардың» бірінің салдарынан қазіргі Зеренді ауданына қосылып, жұтылып кеткен. Демек, енді туған ауылы сол ауданға қараған соң Өтелбай ағамызды бұрынғы Көкшетау ауданына қоса, Зеренді ауданымен де байланыстыра сөйлегеніміз жөн ғой деп отырмыз.

Міне, еліне әр қырынан еңбегі сінген тұлғалы азаматтың «Із және Сіз» кітабы осы бүгінгі Зеренді ауданында туған елді мекенінің тарихынан бастау алады. Біз оқып, танысып, жақсы кітаптар санатына қосқан (басқалар да солай), бұл еңбек несімен тағалымды? Біріншіден, автор бұл кітапты бастан-аяқ осындай кітап жазатын журналист ағайындардың қолына тапсырып қоймай, оны барынша өзі санамен салмақтап, оймен ескеп жазып шыққан, қағаз бетіне «мынау қажет-ау» деген дүниелерін өзі түсірген. Рас, екі бірдей журналист үстінен қарап, әдеби өңдеу жүргізген. Кітаптың бастапқы тарауларына қаламын тигізген белгілі жазушы-журналист Байқал Байәділовтың Өтелбай ағамыздың неғұрлым нақты деректерге, цифрларға арқа сүйеген қолтаңбасын өзінде көркем нәр берген тұстары анық сезіледі. Ал, Қазақстанның құрметті журналисі Бақберген Аманжолдың болса сыршылыққа бейімділігінен таңбай, кітаптағы әр алуан оқиғалар мен автордың басынан кешкендерінің әсерлілігін күшейте түскенді.

Осы жақтарынан қапысыз кітаптың ә дегеннен сонау 1907 жылдан бастау алатын бір ауылдың қатпарлы тарихын қаузаумен оқыған жанды жетелеп, өзіне тарта беретіні бар. 1925 жылы бұл ауылдың алғашқы мектебі де ашылған. Оның да деректері қосылса келе, осы жерге ілім-білім әкелген білім ордасының іргетасы қаланғанына да бір ғасырға жақындап қалыпты-ау деген ойға берілесін. Кітапта ауылдың бірнеше үйінің алғаш басы қосылған, одан елді мекен болып қалыптаса бастаған, артылағы, қолхозға айналған, одан әрі де өз тіршілігін өзі өрбіте түскен ет тірлігі кезең-кезеңмен суреттеліп, көп жайдың қыр-сыры ашылады. Осылай кітап деректерін кемі бес-алты жыл бойы жинаған автор осы бір айтуға тұрарлық еңбегі арқылы елін де, жерін де, азаматын да, оның ажарын да айшықтайды. Әсіресе, ерте бастан ел жүгін өрге сүйреген ауыл ардақтыларына үлкен орын берілген. Олардың жақыр-қайраты, еңселі істері кітаптан қоса-қабат өріліп отырады. Ұлы Отан соғысында елі үшін шыбын жанын қиған боздақтар, ұрыс даласынан Алла жар болып аман-есен оралған, сөйтіп, бойындағы бар күш-жігерін бейбіт өмірдің қызығы мен шыңығы үшін сарп еткен майдангерлер ерлігін, ата-ана ұлылығы мен ұлағатын паш еткен тарауларды беріле, тәліміне ере оқымау мүмкін емес.

Өтелбай ағамыздың қиыннан қиысқандай қилы тағдырының өзі біз ес білгеннен білетін, ара-жігін ажыратып алар осы өмірдің өз көшірмесі іспеттес. Тағдырдың еркелете қоймаған қытымыр қаталдығынан орта

мектептің өзін 19 жасына қарай бітіріп, сол жылы оқуға барайын деп төлқұжат алайын десе, туу туралы куәлігінің өзі болмай шыққаны, яғни, өмірде бар да, өкіметтің есебінде жоқ болғаны осы күні қызықтай көрінгенімен, ол да өткен уақыттың бір келден келерлігі еді. Өзі алдын көрген, қызметтес болған халқымыздың бірегей тұлғалары Еркін Әуелбеков, Чапай Әбуәліпов сияқты қайран ағалар, Сарбас Ақтаев, Илья Жаканов, Нұрмиш Көбенев, Шымболат Ділдобаев тәрізді әдебиет пен өнер қайраткерлері Өтелбай ағамыздың танып-білуінде жай сырттай баяндап, марқау емес, іс-қимыл, болмыс-бітім үстінде көрінеді.



Сондықтан, небір тартымды да тағалымды оқиғаларға, адам характерлеріне бай осынау кітапқа жүгінген кез-келген жан, талай ұрпақ 86 жастың үстіндегі өз өмірі арқылы тұтастай бір елдің өткені мен бүгінгі камты түскен, соны еске салған, сөйтіп, түсірген бейне көріністердің өзіне сан жетпейді. Бір Абылай хан бабамыздың алғаш алты Алашқа сауын айтылған 280 жылдық асында ғана аяғынан тік тұрып, ұзын-ырғасы 36 сағат бойы тапжылмай осы тойды түсіргені бар. Соның бәрі аталған кітапта әрінен желі тартып, оқырманына әсіре бояусыз жеткізіле түседі. Бұл толымды еңбекте өзін-өзі ақтай түскен және бір онтайлы шешім, кітаптың мазмұнын жалпылама берілмей, тарау-тарауға бөлініп, тақырыпшалармен өріліп отыруы. Егер бір тақырыппен ұзақ-сонар баяндала берсе, біз айтып отырған оқиғалар, небір есті естеліктер сонымен жұтылып, көптің ішінде кетер еді. Ал, бұлайша әр тақырыпшамен етек-жеңі жинақталған дүниелердің оқырман да жақсы игеретіндей, әсері мен маңызы арта түскен.

Сонымен, «Із және Сіз» – өткеннің, ел мен ердің ізі, жақсылардың қалдырған сөзі мен көзі, тарихтың өзі. «Із және Сіз» автордың еліне сыйып, алтын бесік – ауылдарымыздың қысы мен жазы, көктемі мен күзі, кешегі тірліктің тар да нар кезеңі, салқын да, жарқын да жылдардың өзегі. «Із және Сіз» өмірде елеулі ізі бар автордың өзі, оның ел деп еңбек еткен, еміреніп, тебіренген кезі, алтындай салмақты сөзі. Автор бұл орайда да «Із және Біз» демейді, солай деп өзін көтермейді. Ілтипатты, ізгілікті сөзін Сізге бұрады, елгеzek мінезімен осы жасында тағы да кішіпейілділік көрсетіп, өзіне жақын сіздер мен біздерді құрметтейді. Айта берсек, осы кітаптағы зайыбы Балкеш Қабдәшқызымен тату-тәтті жарасым таңқан өмірінің өзі неге тұрады?! Зерделеп, байыбына барғандар одан да әдемі бір ғибрат алударына болады.

Жуырда Мағжан Жұмабаев атындағы Ақмола облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасында осы қомақты кітаптың тұсақуесер рәсімі болып өтті. Кітап туралы жоғарыдағы пікірлер бір есептен көптің аузынан шыққан жылы лебіздердің жиынтық бағасы. Өтелбай ағамыз өлі де аттан түспей, Қазақстан Республикасы Аудиторлар палатасының құрметті мүшесі, сол Палатаның ақсақалдар алқасы кенесінің төрағасы болып келе жатқандықтан, бұл игі шараға жергілікті зиялы қауым өкілдерімен бірге, бір шеті Нұр-Сұлтан, Атырау, тағы басқа өңірлерден бір топ сыйлы әріптестері де келді. Сөз сөйлеп, игі тілегін білдірген жандардың бәрі ақсақалдық жастағы азамат қарымына риза болып, жеті тараудан тұратын кітаптың өмірбаяндық монография іспеттес еңбек, өлкетану саласына қосылар сөзбелі дүние екендігін баса айтып жатты. Біз де өз тарапымыздан осы кітаптың облыстық, қалалық кітапханалар мен Зеренді өңірі төңірегіндегі кітапханалардан өз орнын алғанын қалар едік. Себебі, мектеп оқушылары, студент жастар, былайғы жұрт та керек кезінде өз елді мекендерінің өткені туралы деректер іздейді. Мұндай кітаптар сондай түстерде үлкен олжа. Онда ара-тұра іргелес ауылдардың да өткен-кеткенінен сағат алтындай мағлұматтар бар. Осы Өтелбай ағамыз дүниеге келген Қызылсая ауылының өзінде қазіргі ұрпақ өз тарихтарын біле бермейтіні ақиқат. Бұл жағы да ескеріліп, ауылда осы кітап туралы оқырмандар конференциясы өткізілсе, ешбір артықтығы болмас еді.

К.ҚӘНЕНОВ.



Балалар жылы 2022

Сарғайған сурет немесе өткен күннен бір белгі

Мектепте оқып қана қоймай, сыныптан тыс әртүрлі үйірмелерде, спорттық нысандарда қосымша өздерін жетілдіруге барлық мүмкіншілік бар. Осы жас ұрпақтың ата-әжелері бала кезінде қандай жағдайда болды, білімді қалай алды, азамат болып қалай қалыптасты? Бір фотосурет арқылы осыны баяндайын деген ойға келдім. Сурет менің жеке мұрағатымнан алынды. Суретте – 1935-1945 жылдар аралығында дүниеге келген балалар. Негізінен мұнда ұлт жағынан қазақ пен татар балалары. Бұл балалар кішкентай болса да, 37-інші жылдың зобалаңын көріп, жақын адамдарын халық жауы деген желеумен ит жеккенге жібергендердің ұрпақтары мен куәгерлері, одан фин және екінші дүниежүзілік соғыстың зардаптарын сезінді.

Соғыс кезінде көпшілігі аш құрсақ болып, бір үзім нанға зәру болып өсті. Одан ес білгеннен бастап күні-түні ауыр жұмыста жүрген ата-аналарына көмекші болуға тырысты. Ең кішкентайларының өзі үйде бұзау, құстарды бағып қағуға жарап қалды. Кішкене есейгендері ұжымшарда масақ теріп, қозы, лақ, бұзауларды бағуға қолғабыстарын тигізіп жатты, өйткені, ол тұста жұмысшы күші жетпейтін, еңбекшілердің басым көпшілігі майданға аттанды. Елде қарттар, мүгедектер, әйелдер мен балалар қалды.

Ал, енді суреттегі жерлестеріме қошетін болсам, олар 60-70 отбасы бар шағын Амангелді ауылында ашылғанына екі-үш жыл ғана болған жеті жылдық мектеп оқушылары. Мектеп соғыс кезінде сау қарағайлардың бөренелерін ұжымшар басқармасы Бауке Құлмағамбетов салғызған жиырма шақты бөлмесі бар үлкен ғимараттың бір бөлігі. Бұл ғимаратты үлкен қиындықпен соғысқа бармай қалған ақсақалдар мен жана жетіліп келе жатқан жас жігіттер мен қыздар салғанын бала болсам да өз көзімнен көріп жүрдім.

Бір ғана мысал, тақтайды ұзын арамен біреуі шаңқидық астында тұрып, біреуі үстінде тұрып қолмен тілетін. Өте ауыр жұмыс. Ол кісіні халық жауы деп жаламен отырғызып қойғанын кейін одан кейінгі басқармалар аяғына дейін алармай, шатырсыз болған соң, жауын шапшының салдарынан мезгілінен бұрын істен шығып, жарамсыз болып қалды. Соғыстың ауыр жылдарында аса ауыр уақытта салғызған ғимарат күтіп ұстағанда осы күнге дейін ескінін көзі болып тұратын еді. Ал, сыныптарымыз бүгінгі сыныптармен салыстырғанда екі-үш есе кіші болатын,



жеті-сегіз парталар ғана сыйып тұратын. Бөлмелерді пешпен жылытатын, электр жарығы жоқ, май шаммен оқитынбыз. Оқу құралдарымыз да жұпыны болатын. Әлі есімде бірінші сыныпқа барғанда анам алашаның қиындысынан сөмке жасап берген, қолдан сия жасап, дәуітке құйып, қаламсапты батырып, сонымен жазатынбыз. Дәптер өте аз, жетпейтін, кейде газет қиындыларына жазатынбыз.

Ал, фотосуреттегі оқушылар бүгінгі орта жасқа келген азаматтардың ата-анасы, олардың балаларының ата-әжесі. Бұлардың көпшілігі о дүниелік болды. Суретке қарап, бүгінгі немере-шөберелері ата-әжелерін еске түсіріп, қалай оқушы болғандарынан мәлімет алар. Сондықтан, кішкене шолу жасап өтейін. Бірінші қатарда солдан оңға қарай Нәжіп – татар баласы, кейін еліне кеткен, хабар жоқ. Екінші Зұлқарнай ұлты татар, марқұм. Үшінші тізерлеп отырған мен (мақала несі) Еркін, жанындағы Зұлқарнай менен төрт-бес жас үлкен, менімен бір сыныпта оқыды. Соғыс кезінде оқи алмай қалған балалар мектепке кеш, есейген соң барды. Екінші қатарда Ахат, Шәкіржан, Менсаит Юсупов, мұғалімдер Зинаида Александровна, Қанай Сәліпов, Шайхәсәлия ағай. Үшінші қатарда Индус, Жәмила, Майраш, Мүгүлсім, Сәймә, Раузан, Бағила. Төртінші қатарда Ескай мен Қуандық. Ол кезде мектеп

формасы деген жоқ, кімде не бар соны киіп, мектепке келетін. Жоғары және орта арнаулы оқу орындарына оқуға түсетіндер өте аз болатын. Осылардың ішінде Қуандық Әшімов пединститутқа оқыды, Ескай Мұхтаров басқару қызметінің құрстарын бітірді. Жоғары білім алған мен ғана. Ұл балалардың біразы шофер, тракторист болды. Қыз балалардың көпшілігі әртүрлі орта жасқа келген азаматтардың арасында бітіргендердің басым көпшілігі жоғары білім алуға тырысады. Кейбіреулерінде екі-үш дипломнан бар. Көбі заңгер, экономист, программист болып жатыр. Оқуды бітіргеннен кейін жұмыс таба алмай, жасқа мамандыққа ағысып жатады. Үкімет қазір техникалық, педагогтік, дәрігерлік мамандыққа баруға жағдай жасап жатыр. Бұл дұрыс шешім ғой деп ойлаймын.

Міне, әр заманның балаларының өсіп-қалыптасуына өскен ортасы мен қоғам дамуы әсер етті. Жаңа Қазақстанды құра алатын болсақ, жас ұрпақты өсіп-жетілуіне бұдан да жақсы мүмкіндіктер болатынына кәміл сенемін. Балаларға айтарым, Қазақстан сенің Отаның, оны дамытып, қорғау сенің қасиетті парызың.

Еркін ДӘУЕШҰЛЫ, білім саласының ардагері.

Орның болсын ең төрінен жұмақтың!..

Құдай қосқан қосағым, асқар таудай әкеміз, ардақты атамыз Дәулетбай Тілеуілі Мұхамеджанов бүгін көзі тірі болса 80 жасқа толар еді.

Қоғам қайраткері болған ардақты әкеміз әрі атамыз небары 58 жыл өмір сүріп, артынан өшпестей із қалдырды. Бізге үлгі-өнеге болып, саналы тәрбие, сапалы білім әперді. Өзінің біліктілігімен, іскерлігімен, адамгершілігімен еліне елеулі, халқына қалаулы, жұртына сыйлы бола білді. Саналы өміріне аз-кем тоқтала кетсек, Дәулетбай Тілеуілі 1942 жылдың 12 сәуірінде бұрынғы Көкшетау ауданының Қарлықол ауылында туған. Ол үш жасқа толғанда әкесі ауыр наукастан қайтыс болды. Сонда да қиындықты жеңе жүріп, Көкшетау қаласындағы №3 қазақ орта мектебін бітіреді, әрі қарай тарих пәні мамандығы бойынша С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне оқуға да түседі. Осы жоғары оқу орнын үздік тәмамдағанын кейін Зеренді ауданының Ұялы ауылдық мектебінде, аудан орталығындағы білім ұясында, өзі білім алған Мәлік Ғабдуллин атындағы орта мектепте тарих пәнінің мұғалімі болып еңбек етті.

1967 жылдың 1 қаңтарында Қызылқайнар ауылының тумасы Балжан Хабикқызы екеуі көңіл қосып, шаңырақ құрады. Осы жылы анамыз Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау педагогикалық институтының шетел тілі факультетіне оқуға түседі. 1971 жылы жанадан Уәлиханов ауданын ашылып, жас коммунист Дәулетбай Мұхамеджановты аудандық партия

комитеті ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы етіп тағайындайды. Кейін аудандық партиялық бақылау ұйымының төрағасы, Уәлиханов аудандық атқару комитетінің жауапты хатшысы, 1990 жылдары аудандық «Простор» және «Шалқар» газетінің бас редакторы қызметін атқарды.

Өз ісіне тыңғылықты қызметкер жұмысына асқан жауапкершілікпен қарап, үнемі алдыңғы қатарда жүретін. Құдай қосқан қосағы Балжан Хабикқызы өзі түскен жоғары оқу орнын 1971 жылы бітіріп, Авангард орта мектебіне мұғалім болып орналасады. Кейін мектеп директоры, Уәлиханов аудандық партия комитетінде нұсқаушы болып қызмет етті. Екеуі еңбек ете жүріп, бір ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірді. Бәріне жоғары білім әперді.

Бүгінгі күні үлкен қызы провизор, екінші қызы Алматы қаласында дәрігер-косметолог, ұлы экономист-аудитор болып еңбек етеді. Немере-жендердің алды мұғалім, инженер-бағдарламашы, менеджер болып жұмыс істейді. Тұңғыш немерелері Нұрдәулет университетте грантка оқыса, төртінші немере Мәскеу техникалық университетінде оқиды. Шөбересі Мәскеуде тұрады. 1997 жылы Стенгогорск қаласына қоныс аударды. Әкеміз өзінің жұмысына қалғанына қайғырып, 2000 жылы бұл дүниеден өтті. Анамызға адал жер бола білді. Аузын ашса, жүрегі көрінетін жаны жайсаң жанның бірі еді. Апасы мен ағасын сыйлап өтті. Ұл-қыздарын, немере-жендерін жанындай жақсы көрді. Үлкен



немересін Нұрдәулет деп атады. Осындай еліне елеулі, халқына қалаулы әкеміздің топырағы торқа, жаны жәннатқа, тәні рахатта болсын. Қабірі иман жаны құран нұрымен нұрланысын! деп Алладан тілейміз.

Жан әкешім, қызметте бапты ерім, Елге сыйлы, абыройлы, даңқты едің. Кеткеніңде келмейтін боп енді есің, Сені жоқтап, күңіретіп жатты елің.

Сен кеткенде перзенттерің жылап тым, Жігеріміз кетті сынып, құлап мын. Жан әкешім, өзі жар боп бір Алла, Орның болсын ең төрінен жұмақтың!..

Еске алушылар: зайыбы, ұл-қыздары, немере-жендері, шөбересі.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ



Көкшетау: 8 (716 2) 25-15-10

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН МӘДЕНИЕТ ҚЫЗМЕТКЕРІ, БЕЛГІЛІ ӘНШІ ЕРКІН БІРЖАНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 80 ЖЫЛ

Қамшының сабындай қысқа, қайран, өмір-ай! Аяусыз ажал ортамыздан Көкшенің асыл азаматы, талантты әнші, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Еркін Біржановты алып кеткелі біраз болып қалды. Өлі де «Иран, тоқтай тұр, үйге бірге қайткер» деп Көкшетаудың орталық көшесінің бірінде дауысын естіп қалатындай елеңдеймін. Ол Талдықөл дейтін әкемнің нағашы елінен еді, көп жыл ауыл шаруашылығында жүргізуші болды.

Кезінде Көкшетаудың «Ермек Серкебаевы» атанған қайран Ерекең. Бұл жарық дүниеде болғанда биыл сол Ерекең 80 жасқа толар еді. Бұл жалғанды әлі де жалпағынан басып жүргенде сол Ерекең 80 жасында да киелі сахнада ән шырқап тұрар ма еді. Әрине, көрермен көптің қолқасымен. Алайда, алдамшы уақытқа ұтылып қала беретін тағдыр сызығы деген жазмыш дүниесі бұған жеткізбеді.

Көкшенің тума талант әнші Еркіні



ақша алып тұрушы едім, әлі қарызым бар, бірақ, қауырт 1500 теңге ақша керек боп тұр, сен ақындықпен бір ауыз сөз айтсаң қайтсең? – деді. Мен жүр дедім. Әсімамен амандасқаннан кейін:

–Еркінжан Әсіманы еркем дейді, Сұлудың Көкшедей көркем дейді. Тап қазір 1500 теңге қарыз берсе, Қайырамын, оллаһи, ертен дейді, –

дей беріп едім, бағы жанғыр Әсіма жүгіре жөнеліп кассаға барды да, Еркінге ақшаны ұстата салды.

Өзі тірі кезінде менің шығарған әндерімді орындап, насихатшы болды. Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазған «Ақ қыздар» әнім, өзімнің сөзіме шығарған «Жаңа гасыр XX» деген әнім репертуарынан орын алды.

Менің әншілік өнерімнің дамуына тілегім қосыл. «Сенің дауысың бар, аузыңды ашыңқырап барып шырқа», – дейтін еді марқұм. Мен өмірдің үлгі-өнегесі, бастан кешкенім туралы көп сұрап, әңгіме тыңдауға ерінбейтін. 63 жасқа толғанда, облыстық филармониядан бірден зейнеткерлікке шығарып, есептескенше біраз налып жүрді. Ол әншілік бабында болатын, әлі де біраз жыл Көкше өңірін өңге белеуге мүмкіншілігі бар зор талант еді. Өле-өлгенше анда-санда шамалы беретін тынызына қарамай, әншілік өнерін филармонияда жалғастыра беріп, концерттеріне қатысып жүрді.

Адамгершілігі мол, ақжарқын мінезімен, әншілік диапазоны кең өнермен, дауысының екінің күшімен, әдемі бояуымен Еркін жападан жаннаны бәрі бауыр етті. Өнерді жанындай жақсы көрген әншінің ұрпақтары да бүгінде әке өрнегін, өшірілмес тарихтағы ізін жалғап келеді, олар – Көкше өңіріндегі белгілі музыкант ұлдары Сәкен, Дәурен.

Еркін інім, досымның қазасы бізге көктен түскен жайдай болды. Оны ақтық сапарға шығарғанда мен де сөз алып, ішімнен жыр боп шыққан кайғымды төктім.

Көкшеде тума талант, әнші Еркін, Көкшедей көрінуші еді келбет-көркің. Көкшенің күркіреген аспанындай, Қосып еді дауысың елге жігер, серпің.

Мінекей, сен де кеттің арамыздан, Кетпейсің бірақ мәңгі санамыздан. Сал-сері үнін жалғап туа берсін, Өзіңдей дархан дарын даламыздан.

Жүруші ең әнді шырқап, күліп-ойнап, Өндестек құлырушы еді Көкше жайнап. Батырдай алғы шепте тұрушы едің, Туған ел көтергенде әнінен байрақ.

Сап, көңілім, тағдырға адам бағынады, Көл болып көздің жасы ағылады. Дауысыңды ән тербеген, жан тербеген, Ұрпақтар талай-талай сағынады.

Өнерді жаз басынан құтпап едің, Еңбекпен егіз қылып баптап едің. Адалдық, адамдықты мықтап ұстап, Ешкімге ренжіп, қабақ шытпап едің.

Мен бүгін көңіл айтам сүйген жарға, Апаға зарлап қалған, туыстарға. Үлгіңді болашаққа жалғастыра, Өнерің, тәрбие алған ұл-қыздарға.

Иә, тағдыр осылай асылдарды бізден айырады. Бұл табиғаттың заңы, бірақ, Көкше өнерінің тарихында Еркін есімі мәңгі сақталады. Кешегі аңыз болған Біржан салдың зор, қуатты, әсерлі үніндей, ән құдіретінен ұрпақтарға сепкен гүлдей Еркін әншінің дауысы болашақ өнерпаздарға нәр беріп, үлгі болары сөзсіз. Өкпенде бала туар да, ата жолын қуар да, демекші, Көкше жерінде Еркіндей таланттар туа берсін. Еркін де әнші, мен де әнші, ендеше, кербес Көкше, сұлу Көкше – ән ордасындағы әнші тұлға туралы айтатыным:

Арайлап Көкшетауды талай таңды, Жалғаған сал-серілік асақ әнді. Ұрпаққа жаны сүйген сұлудықтай, Сыйлаған Көкше мәңгі – әнші мәңгі!

Иран сал ТАСҚАРАУЛЫ, ақын, әнші, сазгер.

Дауысы кең даланың самалындай...

Ол кісінің дүниеден өткені де күні кешегідей еді, жазға салым мезгіл болатын. Көкше жұрты аяулы, ардақты азаматын күңіреніп шығарып салды. Ақтық сапарға. Одан бері де біраз жыл өтіпті-ау. Ерекең деп отырғаным көбіміз жақсы білетін бір туар әнші Еркін Біржанов.

Туа да болмысына өзгешелеу дарын бітетін адамдар болады. Асылы, дарын хәм қабілет деген қасиет адам жатырда жатқанда-ақ жабысып, өзімен бірге туса керек. Мұны тума талант деп жатамыз. Былайша айтқанда құдайдың ықыласы түскен пендесі. Ондай қарым-қабілетті тепкілесен де кетіре алмайсың. Өйткені, ондай қасиет сол адамның тәңірі берген ерекше сыйы, бөлекше олжасы іспетті нәрсе. Ал, оның өмір жолына, арман мұратына қалай орайластырып, ғұмырнама сының қыбыла бетіне қалай айналдыра алады, ол басқа мәселе. Тегінде қазақ деген табиғаттан өте қабілетті, айрықша дарынды халық қой. «Ел іші – өнер кеніші» деген тәуір бір сөз бар. Мұны қай заманда, кім айтты, оны білмедім. Дегенмен, дұрыс айтқан. Сол айтқандай, ел ішінде небір дүлдүлдер болады. Тумысынан. Тұла бойымен. Өкінішке орай, солардың көбі әлгі сол жазған қасиетін, қабілетін өмірлік мақсұтына айналдыра бермейді. Енді оның себебі де әрқалай ғой. Талпыныс болса да, тайқы маңдайлық болады немесе тағдыр жолының иірім-бұраландары мүрсат бермейді, тағысын тағы. Барға қанағат қылып, артық нәпақаға өңешіп соза бермейтін қазақы менталитет те бар дегендей.

Біздің Ерекең де, Еркін Біржанов та ұзақ жылдар бойы қаладан шалғайда ауылда тұрып, шоғырлық қызмет атқарып, жүріп алыпты. Ен даланың еркін самалымен ән жарыстырған Еркін аға әредік болса да, аудандық, облыстық, республикалық өнер байқауларына қатысып, табиғат берген ғажап дауысын сахнада әуелетіп те жүрді. Түйе боталағандай араға біраз уақыт салып, найзағайдай жарқ етіп, күндей күркіреп келетін зор дауысты сағынған көрермен көпшілік қошаменін аяған емес. Ерекең сол сәтте ғана өзін шын өнерпаз, шымбайлы әнші сезінетін. Сахнаны көрсе дүбірді көріп, тұяғы қызған тұлпардай дөбелесі қозып, жалы күдірейіп, аруағы ұстап шыға келетін. Өн салғанда жан дүниесі жаңаша бір рахат тауып, іші кеніп, болмысындағы бар нәрсені сыртқа шығарғандай күй кешетін. Жеңілдеп қалатын.

Табиғат дарытқан қоңыр, мақпал баритон дауыс оны талай жерлерге әйгілі етті. Сөйтп жүріп, «Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» атанды. Бұл да әншіге үлкен стимул хәм жауапкершілік болды. Сөйткен Ерекең анау жылдары отбасымен Көкшетау қаласына біржола қоныс аударды. Анау-мынаумен қолбайлау қылдар беретін ауылдың күйкі тіршілігі енді жоқ. Ноқтасын шығарған жылқыдай болып, ауылдағы қым-қуыт тірліктің қамытынан құтылған ол Көкшетаудағы филармонияға әнші болып орналасып, неше жылдар бойы жіберіп алған мүмкіндіктерінің ессін алғандай болып еді. Өншінің талғамы мен талабы да өсті, репертуары да байыды. Ерекең филармония сахнасында тамаша әндер шырқады. Оның орындауындағы халық әні «Домбырам басы бал қурай», Жаяу Мұсаның «Ақ сисасы», «Сұрша кызы», Мәдиң «Қаракесегі», Кенжебек Күмісбековтің

«Менің Қазақстаным», «Аяулы мекенім» Темір Тайбековтің «Жас дәурені», Тыныштық Шәмшеннің «Көкшетау» ерекше құлпырып, бөлекше нәшін тауып, тыңдаушысын ләззатты бір күйге бөлейтін еді.

Ерекең жарықтық «Гори, гори, моя звезда» деген орыс романсын да тебірене орындайтын. Әнші Еркін Біржанов облыстық филармонияның сахнасында қойылған Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсында Базарбайдың бейнесін сомдады. Тірісінде жақсы, жақын араласқан адамдардан, дос-жарандардан үнемі қолдау тауып, ризашылық рәуішті жылы сөздерді жиі естіді. Әрине, ондай қолдау мен қолпаштау өнер адамы үшін керек еді. Өттен, зейнетке шығысымен филармониядан ертерек қол үзіп қалауы Еркін Біржановтың нәзік жанына, көлдей көңіліне, сезімтал жүрегіне әсер етпеді ме екен деп те ойлайтынмыз рас. Қалай дегенмен тағдыр ісі дейміз ғой баяғы.

Еркін ағамен үнемі болмаса да, әредік кездесіп, әңгімелесіп, шүйіркелесіп қалатын едік. Оның өзі ең әуелі сол Ерекеңнің адам баласын жат санамайтын үйірсектігінен, көпшіл көңілінен еді. Жасым үлкен деп бәлсіңбейтін, жайы жарасса әдемі әзілін, қағытпа қалжыңын айтып жүре беретін. Ол өз қатарластарының, достарының арасында да аса қадірлі, сыйлы болғанын көрдік. Еркінсіз олардың сауық-сайрандары, отырыстары болмайтын. Ортасының гүлі болды. Ерекеңнің жүрегі үлкен, көңілі кең еді. Марқұмның адами аңғалдығы, былайша айтқанда әпенділігі де болды. Ол туралы әріптестері қызық қылып, күлкіге көміп айтатын. Менің түсінігімде анқуалық деген бала мінезден, кіршіксіз жүректен, адал сенімнен болатын нәрсе. Өзі өте сенгіш еді.

Қазақы қалжыңы да риясыз, зілсіз болатын. Мен бірде Ерекеңе телефон шалдым. Бір шаруамен. Үйден. «Алло!» дегенімше болған жоқ, арғы жақтан «Ты тоже баритон что ли?» деген дауыс гүр ете түсті. Мен де жылы жымнып, дауысымды одан әрі жуандатып, «Да, тоже баритон» дедім. Сол-ақ екен, Ерекең өз қалжынына өзі балаша мөз болып күлсін келіп. Мен де күлдім. Кейін кездескен сайын осыны қайталап жүрді. Сәлемдескенде айтылар бірінші сөз осы. Сосын күлеміз. Расында көңілі таңғы шықтай таза еді. Болмысында серлік бар еді, заты өртіс қой, өзі «гламурный» киінгенді ұнататын. Шақтап қана. Жарасып тұратын.

Сөйтп жүрген Ерекең сәл ертерек аттанып кете берді. Бір күні. Біржола. Соңында әке өнерін жалғаған Сәкен мен Дәурені хәм немерелері қалды. Сол Сәкеннен әкесінің кейбір мінездерін көремін. «Баритонның баласы» деп әзілдеймін. Ұрпақтары аман болсын. Адам ұрпағымен мың жасайды деген қазақ. Баяндамасы, жақын досы Төлеген Қажыбаев айтқандай серінің сертке таққан семсерідей азамат еді.

Еркін ағаның қоңыр, мақпал үні Көкшенің көгілдір аспанын әлі де тербетіп тұрғандай сезіледі. Дауысы кең даланың самалындай еді ғой.

Ерболат БАЯТ, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын-жазушы.

«Бала дауысының» жетінші маусымы!

1 сәуірден бастап Ұлттық «Бала дауысы» балалар ән байқауының жетінші маусымы басталды. Конкурс ұйымдастырушылары еліміздегі дарынды балақайлармен жаңа кездесулерді асыға күтуде.

5 сәуір мен 15 мамыр аралығында өтетін қашықтан іріктеу кезеңі өзіннің жаңа маусымын ашты. Оған қатысу үшін Қазақстанның түпкір-түпкіріндегі 8 жас пен 12 жас аралығындағы балалар шақырылады. Іріктеу кезеңіне қатысу өтінімін www.baladauysy.kz сайты арқылы беруге болады.

20 мамырда қоспикой қазылар алқасы қашықтан іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша әр аймақтан бір-бір орындаушыдан финалға жолдама алатын 17 қатысушыны таңдайды.

1 маусым мен 1 қазан аралығында 17 финалистке арнап вокал, хореография, актерлік шеберлік сабақтары, белгілі мәдениет және өнер қайраткерлерінің шеберлік-кларстары, фотосессиялар, телевизиялық роликтің түсірілімдері ұйымдастырылады. Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтары үшін балалар Көкшетау сабағында концерттік бағдарламасын ұсынады.

Дәстүр бойынша осы кезең ішінде әрбір финалға қатысушыға жеке дизайн бойынша имидждік және сахналық костюмдер тігіледі, бейне контент әзірленіп, отандық композиторлар жазған жаңа балалар

әндері сыйға тартылады. Конкурс аясында жазылатын барлық авторлық композициялар байқаудың сайтына орналастырылады, оларға еркін қол жеткізуге болады.

Байқаудың финалдық концерттік бағдарламасы қазан айының 8-інде Алматы қаласындағы Республика сарайының сахнасында өтеді. Балалар көрермендерге ұмытылмайтын шоуды сыйға тартады, онда балалар Илья Башкатовтың басқаруындағы бөліктің сүйемелдеуімен танымал қазақстандық композицияларды сольдік түрде орындайды.

«Бала дауысы» конкурсының Гран-при иегеріне еліміздің ең беделді оқу мекемелерінің бірінде оқуға Грант және әйгілі ертегі елі Лапландияға шақырту табысталады! Дипломанттарға 11 номинация бойынша атаулы мүсіншелер мен бағалы сыйлықтар табысталады және олардың болашақта шығармашылық дамуына қолдау көрсетіледі.

«Бала дауысы» байқауы әлеуметтік жоба, яғни, балалар бұл байқауға тегін қатысады.



Облыс бойынша 12 сәуірде оңтүстік-батыста жаңбыр жауып, найзағай күтіледі. Оңтүстік-шығыс бағыттардан соққан желдің жылдамдығы секундына 15-20, облыстың солтүстігі мен шығысында екпіні 23-28 метрге жетеді. Ауаның температурасы түнде 0-5 градус жылы, облыстың солтүстік-шығысында 2 градус аяз, күндіз 12-17 градус жылы болады.

13 сәуірде облыстың оңтүстігі мен батысында жаңбыр жауып, күндіз өңірдің оңтүстігі мен батысында найзағай күтіледі. Оңтүстік-шығыстан соққан желдің жылдамдығы секундына 9-14, облыстың батысы мен оңтүстігінде 15-20 метр. Ауаның



температурасы түнде 2-7, күндіз 15-20 градус жылы болады.

14 сәуірде жауын-шашынсыз. Оңтүстік-шығыстан соққан желдің жылдамдығы секундына 9-14 метр жетеді. Ауаның температурасы түнде 0-5 градус жылы, облыстың шығысында 3 градус аяз, күндіз 18-23 градус жылы болады.

Көкшетау қаласында: көшпелі бұлт шығып, жауын-шашынсыз. Оңтүстік-шығыс бағыттардан соққан желдің жылдамдығы секундына 9-14, екпіні 15-20 метрге дейін барады. Ауаның температурасы түнде 2-4, күндіз 14-16 градус жылы болады.



ARQA AJARY. Директор Жабал ЕРҒАЛИЕВ. Бас редактор Қайырбай ТӨРЕҒОЖА. МЕНШІК ИЕСІ ЖӘНЕ ШЫҒАРУШЫ: «АҚМОЛА – ТІРШІЛІК» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ. Мекен-жайымыз: 020000. Көкшетау қаласы, Қаныш Сәтбаев көшесі, 7 үй. Байланыс желісі: (8. 716. 2) 25-15-60 тел/факс. Жарнама бөлімі: (8. 716. 2) 25-15-10. Электронды пошта: arka_kokshetau@mail.ru, arka_jamama@mail.ru. Газет редакцияның компьютерлік цехында қатталды. Сейсенбі, сенбі күндері шығады. Бейсенбі күні электрондық нұсқада шығарылады. Еркін бағамен сатылады, көлемі 2 баспа табақ. Индексі: 65449. Тапсырыс 476. Таралымы: 2472. «Арқа ажары» газетінің Интернет нұсқасының оқырмандар саны 50 000. «Көкше-Полиграфия» АҚ офсеттік тәсілмен басылған. 020000. Көкшетау қаласы, Е.Әуелбеков көшесі, 98 үй. Кезекші редактор: Үлкен ТЫНЫШТЫҚЫЗЫ.